

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1553 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ұйымдардың басшыларына олардың жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сондай-ақ қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік басқару органы белгілеген тәртіппен материалдық көмек көрсету;»;

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кредиторлық берешек болмаған кезде қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен немесе кредиторлық берешегі болмаған кезде мемлекеттік басқару органы қазыналық кәсіпорын үшін бекіткен даму жоспары бойынша қаражатты үнемдеу есебінен салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) жұмыс берушінің актісінде белгіленген тәртіппен қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына

ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету құқығы берілсін.»;
 көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
 « G - 1 4 » с а н а т ы н д а :
 «мұрағатшы» деген сөз «архивариус» деген сөзбен ауыстырылсын;
 көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:
 реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«

9)	Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлеріне жұмыстағы ауыртпалықтар мен қиындықтары үшін		ЛЖ-дан 50 %	
----	----------------------------------------------------------------------------------------------------	--	-------------	--

»;
 көрсетілген қаулыға 14-қосымшада:
 реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

3	Қарулы Күштерде, басқа әскерлерде және әскери құралымдарда, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарында, мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүйесіндегі жұмысы үшін жұмысшыларға мынадай еңбек сіңірген жылдары үшін: 3 жылдан астам 5 жылдан астам 10 жылдан астам 15 жылдан астам 20 жылдан астам	Қарулы Күштердегі, басқа әскерлердегі және әскери құралымдардағы, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік өртке қарсы қызметіндегі жұмысы үшін үстемеақы	ЛЖ-дан 10 % ЛЖ-дан 15 % ЛЖ-дан 20 % ЛЖ-дан 30 % ЛЖ-дан 40 %	Еңбек сіңірген жылдары үшін үстемеақыны белгілеудің тәртібін шарттарын уәкіл орталық органдары белгілейді
---	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------

»;
 көрсетілген қаулыға 28-қосымшада:
 б і р і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
 «1) даму жоспары бойынша үнемделген қаражаттың жалпы көлемінің 30 % асырмай жыл ішінде, ал желтоқсанда - бір жылда үнемделген қаражаттың толық көлемінде: » ;

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
 «2) даму жоспары бойынша үнемделген қаражаттың толық көлемінде:»;
 екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығыстардың қалған түрлері бойынша даму жоспары бойынша үнемделген қаражатты сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және үстемеақылар белгілеуге жол берілмейді.» .

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК